



**«Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы
акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама**

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның толық атауы: «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ атқарушы органының толық атауы: «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамының Басқармасы.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А26МЗК5, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40 үй.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 35-бабына, 37-бабының 1-тармағына және 3-тармағының 3) тармақшасына және 41-бабына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның Директорлар кеңесі жиналысты шақырудың бастамашысы ретінде **2025 жылғы 30 сәуірде** акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен, сырттай дауыс беру арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы (бұдан әрі – акционерлердің жалпы жиналысы) өтетіні туралы хабарлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларын ұстаушылары тізілімі жүйесінің **2025 жылғы 30 наурыздағы** жағдайының деректері бойынша құрылады.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі:

1. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы.

2. Тәуелсіз аудиторлардың 2024 жылғы есебін ескере отырып, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы.

3. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның 2024 жылдағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту туралы. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жөнінде шешім қабылдау. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту.

4. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы қызметі туралы есебін қарау туралы.

5. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2006 жылғы 19 сәуірдегі № 20 хаттамасындағы жетінші мәселе бойынша акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

6. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерін «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері мен құрамы жөнінде хабардар ету туралы.

7. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініш-шағымдары және оларды қарау қорытындылары туралы мәселені қарау туралы.

8. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау туралы.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 43-бабының 6-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасы орналасқан жерде акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік отыз күн бұрын дайын және акционерлердің танысуы үшін «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның корпоративтік интернет ресурсында <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде); <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде); <https://halykbank.kz/en/about-bank/akcioneram> (ағылшын тілінде) сілтемелері арқылы қолжетімді болады. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерінің сұрау салуы болған кезде, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар сұрау салу алынғаннан кейін оған үш жұмыс күні ішінде жіберіледі, бұл ретте құжаттардың көшірмелерін жасауға және құжаттарды жеткізуге кеткен шығыстар акционерге жүктеледі.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге қатысты ақпаратпен мына телефондар арқылы танысуға болады: 8 (727) 259 07 77, 8-8000 8000 59.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерін сырттай дауыс беруді өткізудің келесі тәртібімен және сырттай дауыс беру рәсімімен танысуларын сұраймыз.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен, сырттай дауыс беру арқылы қатысу «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның <http://www.halykbank.kz> корпоративтік интернет ресурсында және қаржылық есептік депозитарийінің интернет ресурсында орналастырылатын сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей – **2025 жылғы 31 наурызға дейін** толтыру арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте:

1) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді алу үшін мына: <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде); <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде); <https://halykbank.kz/en/about-bank/akcioneram> (ағылшын тілінде) сілтемелер арқылы өтіп, онда орналастырылған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдердің электрондық нысандарын басып шығару қажет немесе Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40-үй мекенжайы бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Бас офисінің қызметкерлеріне немесе «Қазақстан Халық Банкі» АҚ облыстық/өңірлік/қалалық филиалдарының Дербес сервис орталықтарының (бұдан әрі – ДСО) қызметкерлеріне хабарласу қажет, ДСО мекенжайларының тізімін <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде); <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде); <https://halykbank.kz/en/about-bank/akcioneram> (ағылшын тілінде) сілтемелерінен алуға болады;

2) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс бермес бұрын сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдегі барлық жолдарда акционер және оның дербес деректері туралы ақпаратты толтыру қажет. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру үшін сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің «жақтаушылар» немесе «қарсы болғандар» немесе «қалыс қалғандар» деген ықтимал нұсқалары бар ұяшықтың біреуіне белгі немесе қол қою қажет;

3) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 49-бабының 6-тармағына сәйкес сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға – акционер (немесе оның өкілі) қол қоюы тиіс. Заңды тұлға – акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеньге оның басшысы (немесе оның өкілі) қол қоюы тиіс. Жеке тұлға – акционердің (немесе оның өкілінің) немесе заңды тұлға – акционер басшысының (немесе оның өкілінің) қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

Жеке тұлға – акционердің жеке басын куәландыратын құжаттағы, жеке тұлға – акционердің жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесіндегі, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінің деректері негізінде жасалған акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізіміндегі және жеке тұлға – акционер (немесе оның өкілі) толтырған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдегі дербес деректер (тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), ЖСН) сәйкес келуі тиіс.

Заңды тұлға – акционер туралы оның құрылтай құжаттарындағы, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінің деректері негізінде жасалған акционерлердің

жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізіміндегі және заңды тұлға – акционер толтырған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдегі деректер (атауы, БСН) сәйкес келуі тиіс.

Айырмашылықтар болған жағдайда, егер акционер (немесе оның өкілі) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньмен бірге көрсетілген деректердің/деректемелердің «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-ның ұстаушылар тізілімі жүйесінде өзгергенін растайтын құжаттарды (құжаттың түпнұсқасы немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесі) ұсынбаса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетень жарамсыз болып танылады.

4) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге:

жеке тұлға - акционерлер:

акционердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін; **бюллетеньге оның өкілі қол қойған жағдайда:** акционердің және оның өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмелерін және өкілдің қол қою құқығын растайтын құжатының көшірмесін;

заңды тұлға - акционерлер:

заңды тұлға – акционердің басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін немесе акционердің өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттың және өкілдің қол қоюға құқығын растайтын құжаттың көшірмелерін;

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 17-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінің талабын олардың акционерлерінің (қатысушыларының) тіркелген еліне қатысты олардың акционерлерінің (қатысушыларының) сақтауы туралы өтінішін қоса ұсынуы тиіс.

Аталған өтініштің нысанын алу үшін: <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде), <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде) және <https://halykbank.kz/en/about-bank/akcioneram> (ағылшын тілінде) сілтемелері арқылы өту қажет.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның жай акциялары олардың базалық активі болып табылатын Жаһандық Депозитарлық Қолхаттардың (бұдан әрі – ЖДҚ) иеленушілері үшін арнайы ескерту:

Акционерлердің жалпы жиналысында ЖДҚ-мен ұсынылған акцияларды ұстаушылардың дауыс беру рәсімі жөнінде толығырақ «ЖДҚ талаптары» («Terms and conditions of the GDRs») бөлімінің 12-бабына сәйкес ЖДҚ шығару проспектісінде («Prospectus») берілген. ЖДҚ шығару проспектісінің («Prospectus») көшірмесі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (<https://backend.halykbank.com/sk/document/117/en/Prospectus%202006.pdf>) интернет ресурсында қолжетімді, сонымен қатар The Bank of New York Mellon-нан алынуы мүмкін, 240 Гринвич-стрит, 8-қабат, Нью-Йорк NY, 10286U.S.A. (бұдан әрі – Депозитарий).

Акционерлердің жалпы жиналысының жоғарыда көрсетілген күн тәртібінің дауыс беруге ұсынылған мәселелері бойынша материалдар және дауыс беру үшін нұсқаулықтар белгіленген тәртіпте Депозитарий арқылы ұсынылады.

Қосымша ақпарат алу үшін ЖДҚ иеленушілері Депозитарийге хабарласа алады:

Мира Даскал ханым, телефоны: +1 212 815 5021, электрондық поштасы:

mira.daskal@bnymellon.com

5) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді және осы ақпараттық хабарламада көрсетілген қажетті құжаттарды қабылдау «Қазақстан Халық Банкі» АҚ атқарушы органының нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А26М3К5, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40-үй мекенжайы бойынша немесе олардың тізімі <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде); <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде); <https://halykbank.kz/en/about-bank/akcioneram> (ағылшын тілінде) сілтемесі арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның корпоративтік интернет ресурсында орналасқан ДСО-да немесе сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді және осы ақпараттық хабарламада көрсетілген қажетті құжаттарды жолдау фактісін тіркеу мүмкіндігі бар пошталық (оның ішінде курьерлік) байланыс құралдарын («Қазпошта» АҚ, DHL және басқалардың офистері арқылы) пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша толтырылған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ға 2025 жылғы 31 наурыз күні сағат 9:00 бастап

(Астана қ. уақыты бойынша) 2025 жылғы 29 сәуір күні сағат 18:00 дейін (Астана қ. уақыты бойынша) ұсынылуға тиіс. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді ұсыну күні оның «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның құжат айналымы жүйесінде тіркелген күні болып есептеледі.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 46-бабының 3-тармағына сәйкес **2025 жылғы 30 сәуірде** есеп комиссиясы: келіп түскен сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдердің жарамдылығын анықтайды және жарамды бюллетеньдердің санын және күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша оларда көрсетілген дауыстарды есептейді; акционерлердің жалпы жиналысының кворумы болуын анықтайды; акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 51-бабының 6-тармағына сәйкес сырттай дауыс беру нәтижелері бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы акционерлердің назарына жеткізіледі.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 45-бабы 4-тармағының екінші бөлігіне сәйкес акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде кворум болмаған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысы қайтадан өткізілмейді.

Акционерлердің жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 35, 36, 37, 39, 41, 43, 44, 45, 46, 47, 49, 50, 51 және 52-баптарына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңының 17-бабының 5 және 5-1-тармақтарына және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жарғысының 24, 25, 26, 27, 28 және 29-баптарына сәйкес өткізіледі.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен сырттай дауыс беру арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына қатысуға шақырамыз.

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Директорлар кеңесі**